

Балық пен басқа да су жануарларының сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін ғылыми зерттеу үшін және өсімін молайту мақсатында алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 8 мамырдағы № 318 қаулысы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналарды:

1) 2025 жылғы 8 мамыр – 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Маңғыстау және Атырау облыстарының Дурнев, Итбалық, Кендірлі және Ремонтные шалыги (Ақтоты) аралдарында ғылыми мақсатта ен салып, кейін табиғи мекендеу ортасына жіберу үшін 156 дарақ Каспий итбалығын;

2) 2025 жылғы 8 мамыр – 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Алматы облысының шегінде Іле, Қаратал өзендерінен, Балқаш көлінен және Қапшағай су қоймасынан балық санын толықтыратын аналық балық үйіріне топтастырып, кейіннен өсімін қолдан молайту үшін ғылыми мақсаттарда 500 килограмм көлемінде арал пілмайын;

3) 2025 жылғы 8 мамыр – 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Қызылорда облысының шегінде Сырдария өзенінен кейіннен өсімін қолдан молайту мақсатында балық санын толықтыратын аналық балық үйіріне топтастыру үшін ғылыми мақсатта 300 килограмм көлемінде арал қаязын;

4) 2025 жылғы 8 мамыр – 30 қараша аралығындағы кезеңде Павлодар және Абай облыстарының шегінде Ертіс өзенінен кейіннен өсімін қолдан молайту мақсатында балық санын толықтыратын аналық балық үйіріне топтастыру үшін ғылыми мақсатта 300 килограмм көлемінде сыланды;

5) 2025 жылғы 1 шілде – 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Маңғыстау облысының шегінде Каспий теңізінің Қазақстан секторының акваториясынан арнайы жағдай жасап өсімін молайту мақсатында өсіру үшін 26 килограмм көлемінде каспий албыртын алуға рұқсат етілсін.

2. Арал пілмайының бір килограммын алу үшін төлем мөлшерлемелері 0,064 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, арал қаязының бір килограммына 0,013 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және сылан мен Каспий албыртының бір килограммына 0,017 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттелген заңды тұлғаларға ғылыми зерттеу үшін және өсімін молайту мақсатында Каспий итбалығының

дарақтарын, арал пілмайын, арал қаязын, сылан мен Каспий албыртын көрсетілген көлемде алуға рұқсат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ